

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Елбасы және қазақ мемлекеттігі



Жаһанда мықтылардың мықтысы, сәуегейлердің ұшқыр қиялшылдары, көріпкерлердің көкелері болжай алмаған, адам айтса нанғысыз қайшылықтар мен қақтығыстар, алапат құбылыстар, ғажайып үрдістер, пенденің жан сүйсіндірер ізгілігі мен адам түршіктірер азғындығы қатар сапырылысып жатыр. Бұлай болуы да жаһанданудың шынайы көріністері болса керек.

Дүниеде ақпараттық технология алға шықты. Жай шығып қойған жоқ. Адам, бүкіл адамзат санасына ықпал етіп, екпіндеп шықты. Осының өзі-ақ санаға түскен салмақ, сана сапасына сынақ. Сол салмақты көтеріп, сынаққа шыдас беріп, ғаламдық сан алуан шабуылды дауылдарға ұшып, толқынына жұтылып кетпеу қай халыққа болса да оңай сын емес. Бүгінгі дәуір осындай ерекшеліктермен бетпе-бет келді.

Бүгінгі заман талаптары мен қауіптерін болжаудың өзі де бұдан бұрынғы өткен тарих кезеңдерінің қай қайсысымен де салыстыруға келмейтін жағдай болғанын да түсінетін кезіміз жетті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің әйгілі Ұлытау сұхбатында ұлтымыздың, еліміздің тарихи тереңінен ой қозғап, оның мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі үшін маңыздылығына жан-жақты тоқталды. Бұл сұхбат, елім, жерім, ұлтым, қаным деген еш азаматты бейжай қалдырмағанына сұхбаттан кейінгі осы қысқа мерзім де ел газеті «Егеменнің» бетін де қаншама адамдардың үн қосқандығын айтсақ та дәлел жеткілікті. Ел арасында «Ұлытау сұхбаты», «Ұлытау сабақтары», «Ұлытау толғанысы», «Ұлытау – мемлекеттің қайнар бұлағы», «Ұлытау – мемлекеттігіміздің қара шаңырағы» сияқты ұғымдар айшықталып, бүкіл қазақ даласына таралып, қазақ мемлекеттігінің жаңа замандағы жаңа мақсаттары да жүрекке жылы қабылданып, ұлттық рух, ұлттық санаға оң әсерін тигізіп жатқаны да шындық.

Сондай-ақ, қоғамда, зиялы қауым арасында дәл осы әңгіме дер кезінде көтеріліп, айтылды деген түйіннің де жаны бар.

Украинадағы жағдайлардың шарпуы болар, көрші елдің кейбір «білгіштері» қазақ жері туралы да бейбастақ сөз айтып қалды.

Сырт көз, іштарлық пейілмен өскен бейшаралардан не күтуге болады? Олар өздерінің надандықпен өрекіген өзімшілдігінен басқа кімді, нені біледі? Ондайлар ежелден келе жатқан содырлық, дойырлық, басқыншылдық әрекеттерден басқа жолмен өркендеуге болатынын әлі де сезінбей-ақ келеді.

– «Біз қазақ деген елміз, ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке кетпесін деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз...», – деп кезінде Қаз дауысты Қазыбек бабамыз айтқандай, қазақ тарихының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біздің жаңа дәуірдегі мемлекетіміздің бүкіл мақсат-мүдделерін, өсіп, өркендеуін тереңнен әрі кеңінен толғап, көп халықтың көкейінде жүрген саналуан сұрақтарға толымды жауап берді. Халқымен сырласып, біздің мемлекеттігіміздің тарихын білмейтін, білгісі келмейтін, көпекөрінеу көре алмайтын кейбір керауыз кердендердің сөзін жоққа шығарып, тарих шындығына тағзым етті. Жаңа дәуірдегі Қазақ мемлекеті оның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тек бейбіт әрі жасам паздық жолымен, ешкімнің құқын шектемей еш мемлекетке соқтықпай өз елін дамыту, оның әлеуетін көтеру арқылы әлем сахнасына шығуға болатындығын дәлелдеді.

Шын мәнінде Елбасының Ұлытау сұхбаты ел ішіне, өз мемлекетіміздің азаматтарына, ұлттық сана, жауапкершілік, ынтымақ, бірлік құндылықтарының маңызын арттырып, сенімін нығайтып, қоғамның ой-пікірін тұрақтандыруға орасан зор ықпалды ұлы сөз болды. Тарих сабағы мен бүгінгі күннің сұраныстары, ертеңгі болашаққа бет түзеу арқылы жаһандандудың алапат дауылында жұтылып кетпеу, ұлттық негізіміз бен өзіндік ерекшелігімізді, игі дәстүрлерімізді сақтай отырып, әлемдік бәсекенің аламанынан шеттеп қалмауымызды ескертті. Елбасы сұхбатында: «Біздің еліміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз. Бұл – жаңағы айтқан ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер. Өзінің тұрған жері – Қазақстанның кіндік ортасы», – деп тайға таңба басқандай айтып отыр. Және бұл айтуы бірінші рет емес.

Мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы сәт, алғашқы күн, алғашқы жылдан бастап үнемі, үзбей, жылсайын айтумен келеді. Мүмкін әр жолда сол сәттегі кездесу, жиын тағы басқа да шаралардың мазмұны, мақсатына қарай бірде әлдеқайда кеңірек, тереңірек ауқымда, бірде үдемелі екпінмен де, бірде ойтолғақ мәнерінде әртүрлі сөз, сөйлемдерімен айтылуы да ықтимал. Бірақ, қалтқысыз ой осы – Ұлытауда айтылған жұмыр сөз.

Елбасының Ұлытаудағы халық пен ой бөлісуі – ұлтымыздың сана, сапасынан бастап, тұрмыс-тіршілік мәселелерін қамтып, мемлекеттілік тарихымыз, Тәуелсіздік қауіпсіздігі мен әлемдік дамуға дейін жан-жақты, кең ауқымды қамтыған келелі әңгіме болды. Қоғамды толғандырып жүрген сұрақ туындап, жауап іздеп жүрген сезімтал құбылыстар қозғалды. Сондықтан да еліміздің түкпір-түкпірінен елім деген көп адам үн қосып жатыр. Біз де сол сұхбатқа үн қоссақ деген ниетпен, сол әңгіменің кейбіріне тоқталсақ.

Нұрсұлтан Әбішұлы ұлттық мемлекеттігіміздің тарихы мен бүгінгі міндеттер, ертеңгі, болашақ қамы туралы ойларының үлкен жиынтығы болған «Тарих толқынында» деген еңбегінде: «...қазақ этносы ғасырлар бойы қалыптасқан... Қазақтардың тарихи тектамыры мейлінше терең де. Ондай тектамыр алғашқы қазақ хандығы құрылған кезеңмен есте шектелмейді... VI ғасырда Евразиядағы тарих сахнасына жаңа тарихи тұлға – Түркі қағанаты – Түркілердің далалық империясы шықты», – деп жазды.

Елбасы сондай-ақ, жыл сайын желтоқсан айында өтетін Тәуелсіздігімізге арналған дәстүрлі салтанатты жиында ұлттық мемлекеттігіміздің тарихына тоқталмай өткен емес. Осының өзі жаңа дәуірдің жаңа дәстүрі. Ұлттық мемлекеттік сана қалыптастыруға ұмтылу. Ұлттың өзін өзі тануына бейімдеу. Ұлттың санасын мемлекеттік санаға жетелеу.

Осы мақсатта әр қазақтың ұлттық, отан шылдық санасын қалып тастыру жолында Мемлекет басшысы тарапынан барлық жағдай жасалды. Атап айтқанда, ресми пәрмен берілді, қажетті қаржы бөлінді. Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей өзінің бастамашылдығымен «тарих жылы», «мәдениет жылы» сияқты бағдарламалар жарияланды. Әсіресе, тарихи, рухани зердеміз бен жәдігерлерімізді, тарихи құндылықтарымызды жаңартып, ғасырлар бойы басқан шаңынан ажыратып, ел игілігіне пайдалану үшін жасалған арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының орасан рөлін еске алмау мүмкін емес. Бұл кешенді мемлекеттік бағдарлама 2004 жылы басталып, белгілі бір бағыттар аясында жүргізілді. Бұл руханиятты бағдарламалардың қазақ мемлекеттігі тарихының көміліп қалған құндылықтарын жарыққа шығарудағы орасан нәтижелілігін айту да әділдік болар еді. Бір сөз бен айтқанда – екі жүз жылдан астам уақытта жасалмаған, мұрағаттар да қатталып жатқан көне жазбалар реттеліп, жүйеленіп жарыққа шықты.

Дәл осы тарих бағытында оның іргетасылық мазмұны – қазақ мемлекеттігінің жүйелі тарихын қалыптастырып, тұрақтандыруы, әр ұлт санасына жеткізіп, әр азаматтың өз ұлтына, өз мемлекетіне адал жанашыр болуы қажеттілігі Елбасы тарапынан жеткілікті дәрежеде айтылып-ақ жатыр. Жалпы тарихты, оның ішінде мемлекеттік тарихты зерттеуші мамандардың еңбектері де жарық көріп келеді. Ұзақ жылдар үзіліп қалған зерде кестеленіп, қайта жалғасып та келеді. Осылардың басын біріктіріп, тиянақты білім қалыптастыру үшін арнайы мемлекет тарихы ғылыми-зерттеу орталығы сияқты институттар да құрылды.

Білім және ғылым министрлігіне тарих пәнін оқытудың бүгінгі, болашақ дамуымызға сай жаңа мазмұны мен жүйесін енгізу де тапсырылды. Өкінішке қарай, қазақ санасында да, тарихи зерттеушілер мен оны қоғамға жеткізіп, әсіресе, жас ұрпақты оқытуға келгенде біздің «маманбыз» деп жүрген білімсіз «мамандарымыздың» кесірі мен кеселінен бүкіл қоғамға, жас ұрпақ санасына зор зиян келтірілуде.

Елбасы дамудың, білімнің стратегиясын белгілеп берді. Енді соны орындайтын құзырлы мемлекеттік құрылым, атап айтқанда салалық, министрлік, оған бағынатын толып жатқан департаменттер, облыстық, қалалық, аудандық құзырлы орындар, өкінішке

қарай, көп жағдайда оқушыларға жүйелі білім беру ісін жарыта алмай отыр. Білім және ғылым министрлігі ешкім түсінбейтін, ешқандай оң нәтиже бермейтін реформалармен бастары қатып, «халықаралық дәрежеде бәсекелестікке лайықпыз» деумен мәз. Ал орта мектеп бітірген жастар қазақ мемлекеттігінің тарихынан мақұрым. Оларда қандай білім болсын, егер ҰБТ-да (ұлттық бірыңғай тестілеу) тарих пәні бойынша «Абылай ханның қанша әйелі болған?», «Алматыда сыра зауыты қай жылы салынған?» сияқты сұрақтар жүрсе.

ҰБТ-ға дәл осындай сұрақтар кіргізу үшін қандай білімсіз болу керек? Міне, жауапсыздық, енжарлық, надандық. Тіпті, бұл оқушыларға, тарихқа, білімге қиянт. Осыны министрліктің қандай білімсіз қызметкері жіберді? Ең қиыны – мен бұл мысалдарды айтып отырған бірінші адам емеспін. Бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары, ел шулады осы келеңсіздіктерді айтып. Ал министрліктердегі бюрократтар селт етпеді. Мұны зиянкестік демеске шара жоқ. Тек тарих пәні ғана емес, басқа пәндер оқулықтарының олқылықтары туралы жеткілікті айтылып та, жазылып та жүр. Осыған бір шынайы сілкініс қажет.

Тәуелсіздік жылдары бүкіл республика көлемінде жүздеген қазақ мектептері ашылды. Барлық өңірлерде жаппай жаңа ғимараттар салынып жатыр. Елбасының тікелей тапсырмасымен, қамқорлығымен соңғы он жылда 850-ден астам мектептер салынды. Әлі де жетпей жатыр. Өкінішке қарай, осы күнге дейін кейбір өңірлерде балалар үш ауысымда оқиды. Сөз жоқ, мұндай «мектепсіздікті» жойып, бүкіл ел бойынша балалар тек екі ауысымда оқулары керек.

Ал енді мұғалімдер кімдер? Олар не оқытады? Қалай оқытады?

Елімізде үлгілі мектептер, тәжірибелі ұстаздар жеткілікті. Бірақ барлық мектептердегі жағдай бірдей емес. Көптеген қазақ мектептерінде мұғалімдердің деңгейі, ұстаздығы өте төмен.

Осындай сұрақ бола қалған жағдайда бірден мұғалімдердің төменгі жалақысы айтылады. Дұрыс. Оны көтеру керек. Ешкімнің дауы жоқ. Сөйте тұра қай салада жас мамандар бірден жоғары жалақы алады? Оған да адал еңбекпен жету керек емес пе? Жалақы төмен екен деп, оқушыларға сапасыз білім, теріс тәрбие беру керек пе? Алдымен мұғалімдер кімдер? Мамандығына сәйкес келетін адамдар ма? Әр адам өзіне мамандық, еңбек жолын өзі таңдайды. Әсіресе, мұғалім болу үшін адамдардың ерекше қасиеттері, тым құрыса оқушы өнеге алатын білімі, мінезқұлқы, жүріс-тұрысы, адаммен сөйлесу мәдениеті қажет екені хақ.

Білім және ғылым министрлігі, білім департаменттері балалардың оқу, тәрбие құқына жеткілікті мән бермейді. Мұғалім оқушылармен сөйлесе ала ма, дөрекі сөз айта ма, онда жұмысы жоқ, тек оқытушылардан қаптап кеткен «отчет» қағаздар талап етеді. Тіпті, Президент бірнеше рет білім саласында қағазбастылықты тоқтату қажеттілігін сөздерінде айтып, талап етті. Бірақ өзгерген министрлік шенеуніктері жоқ. Сол баяғы менмендік. Өрекпелік. Өктемдік.

Оқу бағдарламаларының орынсыз күрделеніп кеткені, оқулықтар шығару мен оқулықтарды пайдалану жөнінде үнемі айтылумен келеді. Тіпті, парламенттік тың даулар өткізіліп жатыр. Бірақ өзгерген бағдарлама, орныққан оқулықтар жоқ.

Міне, осындай келеңсіздіктерден кейін біздің бүгінгі мектептегі балаларымыз түгел дерлік Отанын, ұлтын сүйер патриоттар болады деп айту да біржақтылық, жастар санасы, дүниетанымы қалыптасуының шынайы сипатын, мазмұнын білмеушілік болама деп күдіктенесің.

Ұлытау сұхбатында: «Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр болуы мүмкін», – деген өте салмақты ой, салиқалы сөз айтылды. Әр қазаққа, әр азаматқа айтылып тұр. Санасы бар әр министрге, әкімге, шенеунікке, әрбір мұғалімге қадалып айтылып тұр. Ойлану емес, қозғалу керек. Осы мен кіммін деп сілкінуі керек.

Жұрттың көңілінен шыққан тағы бір сезімтал әңгіме – дін туралы.

Сөз жоқ, Елбасы айтқандай, Конституциямызда көрсетілгендей, біз өзіміздің мемлекетімізді еркін, құқықтық мемлекет деп жарияладық. Барлық жасалып жатқан

заңдық, құқықтық кеңістігіміз Конституция нормаларының өмірге қалыптасуына негізделеді. Әр азаматтың діни наным, сенімі өз еркінде. Сондай-ақ, Конституцияда көрсетілгендей, ешкімнің құқы діни сенімі үшін шектелмейді.

Діннің де біздің елде қалыптасуының ерекшеліктері мен дәстүріне тоқталды Елбасы. Дін ең алдымен адам санасының, дүниетанымының көрсеткіші екені де ежелден белгілі. Өкінішке қарай, әлемде дінді құрал ретінде пайдаланып келгендер діннің қасиетіне нұқсан келтіріп жүргенін жастарымызға жеткілікті түсіндіре алмауымыз да үлкен олқылық. Дін атынан сөйлейтін, қасиетті Құранның өзін, оның мазмұнын көпекөрінеу бұрмалап түсіндіруге талпынып жүрген секталар көбейді. Бүгін әлемде жас ұрпақтың санасы үшін бітіспес күрес, тартыс жүруде. Оның шарпуы бізге тимей жатқан жоқ. Дінді желеу етіп, өз идеологияларын, теріс уағыздарын жүргізуге әуестенгендерге таза ислам дінінде орын болмауы керек. Таяу Шығыс елдеріндегі дінаралық бүлікшіліктердің таза ислам дінімен, Құранмен еш қатысы жоқ. Кейбір жастар ең алдымен білімсіздігінен, екіншіден өзінің тұрмыс-тіршілігіндегі орнықсыздығынан әлдекімдердің алдау, арбауына түсіп, өкініп, опынып, құрбан болып жатқаны да жанға батады. Бұл да жоғарыда айтылған білім саласының ойсыраған олқылығы. Мемлекеттің құзырлы органдары мұндай тапсырманы жаңа алып отырған жоқ. Елбасы бұл сала бойынша да үзбей тапсырма берумен келеді. Қабылданған заңдық кеңістік жеткілікті. Бірақ тәрбие жұмысы әлжуаз, тіпті, жүргізілмейді десек те болады. Әлемде, Жер шарының мұсылман елдерінде болып жатқан бүліншіліктер мен қайшылықтар кімге болса да сабақ. Біз соны ескеруге міндеттіміз.

Рухани сана, білім, діни сенім ел тәуелсіздігінің бел омыртқасы іспетті. Осы өлшемдер сапалы болған кезде біздің қоғам қандай да ішкі, сыртқы бізге қарсы әрекеттерге дайын тұра алады. Осы арқылы біз Тәуелсіздігіміздің өлшеусіз құнын, құндылығын сезініп, түсіне аламыз. Сөз жоқ, қандай да елдің, мемлекеттің, қоғамның өз ішіндегі өзара түсіністігі, тұрмыс әлеуеті ауқатты, болашағына сенімді болмайынша мемлекеттің келбеті келісе қоймайтыны анық.

Елбасы айтқан мәселелердің барлығы да елдің экономикасымен, онда адамдардың жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі сияқты тұрмыс әлеуетімен тікелей байланысты. Сондықтан да елде жаңа кәсіпорындардың ашылуы, барлық салаларға жаңа технологиялардың жаппай енгізілуі, әсіресе, жастардың жаңа жұмысшы мамандықтарын игеру мүмкіндігіне айрықша көңіл бөлінуде. Қазір шетелдік инвесторлармен бірлесе отырып, көптеген өнеркәсіп салаларына жаңа сипат, жаңа мүмкіндік ашылды.

Кеден одағы, Еуразиялық экономикалық одақ сияқты құрылымдарда ең алдымен экономикалық мүмкіндігімізді арттыру мақсатында жасалып жатыр. Біздің елде шетелдік инвесторларға жақсы жағдай жасалып, салықтық жеңілдіктер беріліп, олардың еңбекпен тапқан капиталының қозғалысына мейлінше еркіндік берілген. Осындай екіжақты немесе халықаралық құрылымдардағы Қазақстанның белсенділігінің де басты мақсаты ең алдымен кеңістік мүмкіндігі, кәсіпкерлікке өріс, мемлекетіміздің мүддесі.

Тәуелсіздік алған 23 жылда Қазақстан өзінің бұрынғы, ежелгі тарихының ғасырлар бойына армандап, ұмтылып, қол жеткізе алмаған жағдайларына қол жеткізе алды.

Біз, бүгінгі ұрпақ, келер ұрпақ соның құндылығын қадірлей білуге міндеттіміз. Бір мақалада ондай мемлекеттік құндылықтарды тізіп шығу мүмкін емес. Олар көп, сондықтан мемлекет болу үшін, болумен қатар сол тұғырда басқа мемлекеттердің соңында шаңын қауып қалмас үшін қаншама орасан шарттар мен әрекеттердің кейбір топтамаларына ғана тоқталуға тура келеді. Экономикалық әлеуетіміздің қуаттылығын, ішкі келісім тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар мемлекетіміздің қауіпсіздік, қорғаныстық қабілетін күшейту шаралары әрқашан кезек күттірмес әрі үздіксіз қажеттіліктер.

Сондықтан да Елбасы мемлекетіміздің қасиетті рәмізі – көршілес елдермен келісілген мемлекеттік шекараларымызды қазіргі заман, халықаралық талапқа сай күмәнсіз анықтап, заңдастырып, ресми келісімдерге көрші мемлекеттердің басшыларымен

тең дәрежеде қол қойып, тиянақтауды бірден қолға алды. Бұл жерде «қазақ жерінің шекарасы баяғыдан бар болатын» деген пікірге байланысты анықтай кететін бір жайтқа көңіл бөлген дұрыс, орынды болар еді. Иә, қазақ жерінің, елінің шекарасы ата-бабаларымыздан бері қоныстанып келе жатқан жерлер. Ал олардың көрші елдермен қоныстанған жерлері тек шартты түрде немесе ең соңғы кезеңде КСРО-ның ішкі шекаралары ретінде, тек Қытаймен шекаралас аймағы ғана шет елмен шекаралас деп танылған. Оның өзінде КСРО мен ҚХР арасында шекаралық келісімге қол қойылмай, ол 1882 жылы Ресей мен Қытай арасындағы хаттамамен ғана белгіленген. Ресми толыққанды шекаралық келісім жасалмаған.

Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қытай әріптестерімен жаңа геосаясат аясындағы жаңа мемлекет – тәуелсіз Қазақстанмен шекара-сызығы жағынан да, мазмұны жағынан да, оның техникалық жабықталуы жағынан да мүлдем жаңа шекаралық келісімге қол жеткізді. Шекаралық келісім туралы арнайы мақалада айтылғандықтан, оны қайталап жатуды жөн көрмедім. Ескеретін мәселе – Қазақстанға дейін Қытай өзімен шекаралас 15 мемлекеттің ешқайсысымен толық қанды келісімге қол қойған жоқ. Біз бірінші болғанымыз тарихи шындық.

Қазақстан – Ресей шекаралық келісімдері де толық халықаралық талаптарға сай шешіліп, мемлекет басшылары қол қойды. Бұл да біздің тарихымызда тұңғыш рет қол жеткізген жеңісіміз.

Қысқасы, Қытаймен, Ресей мен, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстанмен ресми түрде шекаралық келісімдерге қол жеткізіліп, олар БҰҰ-да толық қабылданды.

Бұл – тәуелсіз мемлекет үшін ең маңызды шарттардың бірі.

Біздің мемлекеттігіміздің тағы бір қасиетті рәміздері – мемлекеттік Туымыз, Елтаңбамыз, мемлекеттік Әнұранымыз. Еліміздің рәміздері Мемлекеттің рәміздері туралы қабылданған арнайы заңға байланысты пайдаланылады.

Нұрсұлтан Әбішұлының ұсынысы бойынша 2006 жылы Әнұран ретінде Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні қабылданды. Елуінші жылдары сөзін Жүмекен Нәжімеденов жазған. Ол кезінде жастардың ерекше рух сезіммен айтатын әніне айналған. Нұрсұлтан Әбішұлы ақын Жүмекеннің отбасының ықыласымен оған бүгінгі Қазақстанға тән, әрі жарасымды, әрі өлең сөзінің мәртебесін көтеретін қуатты сөздер енгізіп, бүгін бүкіл қазақстандықтардың сүйікті Әнұранына айналды. Жаңа Әнұранымыз дүниенің төрт бұрышына Президентпен бірге барып, шырқалып, Туымыз бірге көтеріліп жүр.

Бүгінгі Қазақстан – әлем танып, мойындаған, ел басшысымен санасатын, бәсекеге қабілетті мемлекет.

Қазақты осындай әлемдік дәрежеге көтере алған адам – қазақтың ұлы перзенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Елбасын қолдап, жасампаздық пен өркениетке, мәңгілікке ұмтылған ел – көп ұлтты Қазақ елі.

Қуаныш СҰЛТАНОВ

Парламент Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің Бюро мүшесі.